

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Джонисова Г.Қ.¹, Ермекова А.Д.²

¹БҚИТУ педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Орал, Қазақстан, e-mail: dzhonisova@mail.ru

² педагогика ғылымдарының магистрі, Орал, Қазақстан e-mail: ermekova.aktoty07@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі заманғы білім беру саласында негізгі әрекет бағдарларының бірі мемлекетті жаңашылдық дағдарысынан шығара алатын «табыс үшін білім» деп аталатын парадигма болып табылады. Бұл парадигма филологиялық және педагогикалық пән кадрларын дайындау барысында ерекше басымдылыққа ие болып табылады, себебі тұлғаның өзі табысты болмаса, оның беретін білімі мен тәрбиесі де табысты бола алмайды. Осы орайда мақалада білім саласындағы маңызды мәселелердің бірін шешу бойынша жұмыс жүргізді. Бұл жұмыс жоғары оқу орындары түлектерінің құзыреттілігінің жоғары деңгейін, олардың ғылыми құзыреттілігінің қоғам талаптарына сәйкестігін, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығын қамтитын сапаны арттыруды қамтиды. Мұның бәрі көбінесе болашақ мамандарды табысты оқытуға байланысты. Сол себепті де студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың ғылыми негіздерін қолдана отырып, бұл мәселені шешу мақсатында әр түрлі деңгейдегі студенттердің жеке типологиялық сипаттамаларын ескере отырып, табысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру студенттердің ойдағыдай білім алуы үшін жағдай жасау және диагностикалау мақсатында ішкі жағдайларды ескеру және университеттің психологиялық қызметін үйлестіру мен әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету қарастырылған. Шеттілді білім беру бағдарламалары, оның ішінде «Шет тілі: екі шет тілі» және «Шетел филологиясы» бағдарламалары бойынша білім алатын студенттердің оқу табыстылығын қалыптастыру мәселесіне баса көңіл бөлінді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыруға ықпал ететін жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл мемлекеттің инновациялық ойлау қабілеті, қалыптасқан құзыреттілігі және өзін-өзі оқыту қабілеті бар жоғары білікті кадрларға деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы зерттеу жұмысы жоғары оқу орын студенттерінің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың бағдарламаларын құруға негіз болып табылады. Мақалада ұсынылған бағдарламаның өзі жоғары оқу орнындағы табыстылықтың басты міндетін айқындау және оны жүзеге асыру бойынша жұмыстар мен ұсыныстарды әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін шешеді.

Тірек сөздер: жоғары оқу орын, студенттер, табыстылық, оқудағы табыстылық, есте сақтау, агрессия, мазасыздық, интроверт, экстрроверт, өзін-өзі бағалау, шет тілін оқыту

Негізгі ережелер

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде студент бес нақты нәтижеге қол жеткізе білуі керек. Олар: өз саласында жеткілікті білімі болуы, түсінігі болуы; аталған білімді қолдана білу, дәлел қалыптастыру және мәселелерді шеше білу; ақпаратты жинай білу, оны жеткілікті түрде түсіндіре

алу; ақпарат, ой, шешімдерді хабарлай алу; әрі қарай оқу дағдысы, өз бетінше өмір бойы оқу [1]. Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін және өз беттерінше білім алу дағдыларын қалыптастырып, жан-жақты дамытып, заманауи қарқынды әлемде бәсекеге қабілетті болуларына атсалысу аса маңызды. Бұл ретте студенттердің оқудағы табыстылығымен жұмыс жасау қажет. Осының барлығы мәселенің өзектілігін дәлелдей түседі.

Кіріспе

Студенттердің оқу қызметін қайта құруға мүмкіндік беретін жоғары оқу орындарында белгілі тенденциялар қалыптасып үлгерді. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, нашар оқу үлгерімі мен тәртіпсіздік себебінен университеттен шығарылған студенттердің саны азаймай отыр.

Бұл келеңсіз құбылыстарды жеңуге және сонымен бірге студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыру үшін белгілі бір педагогикалық-психологиялық шарттарын жасау арқылы кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге болады. Жоғары мектепке жүктелген міндеттерді шешу сапасы көбіне оқудағы табыстылығын қалыптастыру үшін студенттермен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуге байланысты.

Әдебиетке шолу барысында талданып отырған мәселенің жан-жақты зерттелгеніне көз жеткізілді. Атап айтқанда, оқу табыстылығы, жалпы табыстылық мәселелері отандық, шетелдік педагог, психолог, әлеуметтанушы, философ ғалымдар тарапынан бірқатар бағытта қарастырылған.

- табыстылық жеке тұлғаның мотивация деңгейіне, әрекеттің мақсаттық сипатына, жұмыс жасау ниетіне байланысты бейімділік, болашақта табысқа жеткізетін факторлар, қызығушылықтар жүйесі ретінде (Дж. Аткинсон, Д. Мак Клеланд, К. Роджерс, Э. Фром және басқалар).

- әрекеттің табыстылық факторлары, бағалау, мотивация, ұмтылу деңгейлері (Э. Эриксон, К. Левин, В.С. Мерлин, Е.П. Ильин, А.А. Реан, А. Бандура, М.Л. Кубышкина)

- жеке тұлғаның табысқа жеткенде немесе үміттенгенінде пайда болатын сезім, әрекеттің өз нәтижесіне қатысы (Б.Г. Ананьев, Н. Батурич, А. Леонтьев, С. Рубинштейн т.б.)

- оқушылардың табыстылығы, олардың оқу және танымдық іс-әрекеттерін белсендендіру, әлеуметтік табыстылықтың дамытылуы (А. Белкин, Ш. Амонашвили, О. Яшнова, Е. Рысбаев [2], А. Усенова [3] т.б.)

- жоғары оқу орны жүйесіндегі басқару іс-әрекетінің табыстылығы факторы, оқу іс-әрекетінің табыстылығын бағалау, студенттің табысты оқуының психологиялық факторлары, студенттердің оқу табысы және педагогика категориясы ретіндегі табыстылық. Табыстылық кәсіби зерттеу қызметі тұрғысынан да қарастырылады (Н. Курдюкова, С. Смирнов, М. Шабалина, Н. Калинина, Ш. Таубаева [4], А. Рысбаева [5], Н. Кулмышева [6], Д. Жансерикова [7] және басқалар).

Қарастырылған зерттеулердің нәтижелігін айта отырып, ЖОО студенттерінің оқудағы табыстылығын қалыптастыру мәселесі психологиялық ғылым тұрғысынан толық қамтылмағандығын мойындау керек. Мақала

көрсетілген олқылықтың орнын толтыру, студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыру жолдарын саралау мақсатында жазылды.

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау, әдістемесін құрастырып, оны тәжірибе жасау арқылы сынақтан өткізу.

Зерттеу болжамы: егер студенттердің оқудағы табыстылық деңгейлерін дамыту үшін арнайы бағдарлама жасақталса, студенттер оқуда табысқа жете алады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеуде негізінен сауалнама және салыстыру әдістері қолданылып отыр. Осы кезге дейін оқу табыстылығын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынады. Сауалнама әдісі студенттердің табыстылығы, экстраверсия және интроверсия деңгейлері, қарым-қатынас ерекшеліктері т.б. анықтау үшін қолданылды. Зерттеуімізде бірнеше шетелдік сауалнамаларды қолданып отырмыз: Басса-Дарки, Айзенк тесті, т.б. Салыстыру әдісі алынған сауалнама нәтижелерін талдау барысында аса қажет әдіс.

Зерттеу материалы ретінде студенттердің сауалнама кезінде берген жауаптары алынды.

Талқылау

Жалпы отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау барысында «оқудағы табыстылық» ұғымы психологияда да, педагогикада да қарастырылатындығы анықталды. Психологтардың пайымдауынша, табыстылықтың негізі – бұл студенттің эмоционалды жағдайы, өзінің жеке мүмкіндіктері мен атқаратын қызметіне деген көзқарасын білдіреді. Сонымен, табыстылық түсінігін дарындылық тұрғысынан Ф.Гальтон [8], өзін – өзі бағалаудың көрінісі ретінде – У.Джеймс [9, 305 б.], жетістікке ынталандыру ретінде – Х. Хекхаузен [10, 340-б.], адамның қоғамдағы үстемдікке немесе іске асыруға деген ұмтылысы ретінде – А.Адлер[11, 247 б.], өзін-өзі тану қажеттілігі ретінде – А.Маслоу[12, 52 б.], тану қажеттілігі ретінде – А.А.Налчаджян [13, 228 б.] және т. б. қарастырған болатын. Яғни зерттеушілердің көбі оқудағы табыстылықты студенттің *жай-күйі, оқу процесі, нәтиже және қажеттілік* деп санайды.

Оқу табыстылығы феноменін қарастырып отырған педагогикалық және психологиялық зерттеулерде мынадай анықтамалар көрсетіледі:

- жеке тұлғалық даму, саналылық;
- жеке тұлғаның танымдық, яғни когнитивті мүмкіндіктері, таным қабілеті;
- сыртқы немесе ішкі мотивация;
- оқу барысында жүзеге асырылатын эмоционалды қарым-қатынас.

Педагогикалық анықтамалар мынадай:

- оқу үлгерімін, білімі мен іскерлік қабілетін объективті түрде бағалау;
- тұлғаның өз бетінше оқу іскерлігі, қабілеті;
- басқа да педагогикалық жағдайлардың, білім беру бағдарламасы мен

оқытушының ықпалы.

- сыртқы қосымша тәжірибе.

«Оқудағы табыстылық» ұғымын Б. Г. Ананьев алғаш рет енгізді. Зерттеуші тұжырымдаған анықтамаға сәйкес оқудағы табыстылық оқу жұмысының қарқынының, жеке өзіндік ерекшелігінің, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін білім алушы жинайтын бақылау мен күш-жігердің оңтайлы үйлесімімен айқындалады. Бұдан басқа, оқудағы табыстылық білім беру сатылары мен деңгейлері бойынша табысты алға жылжуды қамтиды, ол тиісті білімді, икемділік пен дағдыларды меңгерумен және тұлғалық әлеуетті дамумен, сондай-ақ әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру және кәсіби қызметке кіру арқылы қоғамға бейімделумен қатар жүреді.

Жоғарыдағы анықтамаларды былай қорытындылауға болады: оқудағы табыстылық – бұл студенттердің оқу табыстылығының оқытушылардың педагогикалық табыстылығымен арақатынасының интегралдық көрсеткіші. Оқудағы табыстылықтың келесідей компоненттері анықталды (1-сурет).



Сурет 1 – Оқудағы табыстылық компоненттері

Оқудағы табыстылықтың сыртқы жағдайлары: университет студенттерінің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету және бейімделу мүмкіндіктерін арттыру; оқу процесіндегі жеке жетістіктер, олардың білім беру үрдісіне студенттердің қанағаттануымен арақатынасындағы динамика; оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі, олардың өзін-өзі дамыту және шығармашылық ойлау қабілеті; шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау мақсатында университеттегі тәрбие жұмысын үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету; білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық жағдайы; оқыту үдерісін ұйымдастыру сапасы (сабақ кестесінің үйлесімділігі, аралық және ағымдағы аттестаттауды ұйымдастыру); қауіпсіздік пен әлеуметтік-психологиялық климатты қамтитын оқытудың жайлылығы; білім алудың қолжетімділігі (студенттерді қабылдау және оқудан шығару жүйесін талдау). Ішкі жағдайларға студенттердің эмоционалды, жеке, танымдық ерекшеліктері жатады.

Нәтижелер

Студенттердің оқудағы табыстылығына әсер ететін университеттің сыртқы және ішкі жағдайлары диагностикалық әдістер кешенін анықтауға мүмкіндік берді.

Студенттердің оқудағы табыстылығын зерттеу Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің базасында жүргізілді.

Зерттеуге бакалавриаттың 70 студенті қатысты, оның ішінде 67 қыз, 3 ұл. Зерттеу барысында үш білім беру бағдарламасының студенттері іріктеліп, топтастырылды. Бағдарламалар: «Шет тілі: екі шет тілі», «Батыс филологиясы: ағылшын тілі», сонымен қатар «Педагогика және психология». Оқудағы табыстылықты зерттеу мақсатында іріктеме үш топқа бөлінді, табыстылық көрсеткіштерінің бірі – «академиялық үлгерім»:

1-топ – университетте табысты оқитын 8 студент (оқу нәтижесінің орташа мәні 4,56). Көбіне олар бестік баға алады, көпшілігі қызыл дипломға үміткер.


2-топ – университетте орташа табысты оқитын 58 студент (орташа бағалары 4,2). Олар негізінен төрт алады, кейде емтиханды үшке тапсырады.

3-топ – университетте табысты емес оқитын 4 студент, негізінен қанағаттанарлық бағалар мен пәндер бойынша қарыздары бар.

Нәтижелерді талдау және талқылау әр түрлі деңгейдегі студенттердің жеке типологиялық сипаттамасын жасауға және барлық жеке типологиялық топтардың жетістіктерін дамыту траекториясын жасауға, сонымен қатар университет студенттерін оқудағы табыстылығын қамтамасыз етудің бағдарламасын құруға мүмкіндік берді.

Бірінші сауалнама – Э.Г.Симерницкая әзірлеген, нейрофизиолог Е.Ю. Давыдов ересектерге бейімдеген «Лурия-2010» жадының экспресс-диагностикасының стандартталған әдістемесі (2010 ж).

Бұл сауалнама студенттерді оқыту процесіне қатысатын танымдық процестің негізгі құрамдас бөлігі ретінде есте сақтау механизмдерін анықтау үшін қолданылды.




Сурет 2 – Жад көрсеткіштерінің орташа дәрежелерін салыстыру

Нәтиже көрсеткіші бойынша 2 және 3-топтардың орташа дәрежелерін салыстыру кезінде айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ, ал 1 және 2-топтар арасында есту-сөйлеу жадының нәтижелері бойынша, есту-сөйлеу іздерінің тежелуі, есту-сөйлеу жадының реттелуі және есту-сөйлеу жадының

жаңғырту қабілеті сияқты көрсеткіштер бойынша айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Студенттердің танымдық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде есте сақтауды зерттеудің төмен нәтижелеріне студенттердің жеке ерекшеліктері әсер ететіні анықталды. Оқудағы табыстылық процесінде ақпаратты есте сақтау және жаңғырту жетекші оқу міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл ретте шеттілді бағдарламалар аясында білім алатын студенттердің оқу табыстылығын зерттеу аса маңызды болды, себебі олардың есту-сөйлеу жадылары тек ана тілімен ғана емес, сонымен қатар шет тілімен де байланысты.


Сонымен қатар Басса-Дарки сауалнамасын қолдану арқылы агрессия үрдісі мен мотиві анықталды. Мәселен, Ф. Перзль агрессияны былайша анықтайды: адамның жеке шекараларын қорғауға бағытталған туа біткен қабілет және өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға немесе тоқтатуға арналған құрал. Басқа ғылыми әдебиеттердегі анықтамалар субъективті әл-ауқат терминімен тығыз байланысты. Яғни агрессияның көрінісі мен аталып өткен субъективті әл-ауқат сезімдерін және олардың оқу табыстылығы мен танымдық мүмкіндіктерге әсерін қарастырып отырмыз.



Сурет 3 – Басса-Дарки сауалнамасының көрсеткіштері

Студенттердің барлық үш тобында жалпы Басса-Дарки тестінің өкпелеу көрсеткіші 1-топта (үлгерімі жоғары студенттер) 74%, 2-топта (үлгерімі орташа студенттер) 86%, ал 3-топта (үлгерімі төмен студенттер) 88% мәніне жетеді. Аз дәрежеде және тек табысты студенттер тобында жалпы хабардарлық деңгейіне жанама агрессияның көрінісі әсер етеді. Осылайша, студенттер басқа адамдарға қатысты ренішке, қызғанышқа және басқа да жағымсыз эмоцияларға қаншалықты көп уақыт бөлсе, соғұрлым сыртқы әлемге қызығушылық танытпайды.

Келесі сауалнама – Тейлордың мазасыздануды анықтайтын тұлғалық тесті. Мақсаты: студенттердің тұлғалық мазасыздану деңгейін анықтау. Студенттердің тұлғалық сапаларға қатысты әдістемеге жауап берулері керек болды.




Сурет 4 – Мазасыздану деңгейінің көрсеткіштері

Анықталған нәтижелерге тоқталатын болсақ, мазасыздану деңгейі 1-топта 51%, ал 2-топта 62%, 3-топта 89% мәнін көрсетті. Сонымен қатар 3-топта Тейлордың өтірік шкаласының көрсеткіштері байқалады. Демек, егер үлгерімі жоғары студенттер тобына қиын тапсырманы тапсыру кезінде олар жауапкершілік пен сенімділікті сезінсе, ал орташа және төмен оқу үлгерімі бар студенттер тобы жұмысты орындаудағы қиындықты сезініп, оны қорқыныш, үрей ретінде қабылдайды, мазасыздық деңгейлері жоғарылайды.

Осылайша, осы зерттеуге сәйкес, эмоционалды компонентінде реніш, қызғаныш және белгісіз мазасыздық басым болатын аз табысты студенттерге қарағанда, академиялық үлгерімі жақсы студенттер эмоционалды компонентті тиімді қолдана алады, олар өздерінің наразылықтарын білдіруге және мақсаттарына жетуге, эмоцияларын көрсетуге және ойын ашық айтуға дайын болады.

Психологиялық күй ерекшеліктерін зерттеу мақсатында Г. Айзенк тесті қолданылды. Бұл тестті қолдану әдістемесі Т. Ледовскаяның жұмысында [14, б. 256] ашылып көрсетілген. Ледовская келесідей тұжырымдарға келіп отыр: интроверттер негізінен экстраверттерге қарағанда табыстырақ болып келеді; эмоционалды тұрақтылықтың әртүрлі деңгейлері оқу барысына әсер етеді, табыстылыққа да әсері бар. Сол себепті зерттеуде осы экстраверсия және интроверсия, нейротизм және тұрақтылық, психотизм секілді параметрлер де қарастырылып отыр.



Сурет 5 – Экстраверсия/Интроверсия шкаласының көрсеткіштері

Біздің зерттеуімізде Т. В. Ледовскаяның интроверттердің экстраверттерге карағанда табысты екендігі туралы тұжырымын растау мүмкін болмады. Зерттелетін барлық үш топта әр түрлі жеке тұлғалар болды және 1-топта экстраверсия/интроверсия шкаласының орташа көрсеткіші – 15,8 (стандартты ауытқу 7.3), ал 2-топта – 16,04 (стандартты ауытқу 6.2). Үлгерімі жоғары студенттер тобында эмоционалды тұрақтылықпен, бауырмалдық, жылы сенімді қарым-қатынас құру мүмкіндігі, өзін-өзі бақылау және экстраверсия деңгейімен нейротизм деңгейінің тікелей қарым-қатынасы анықталды. В. А. Манина осыған байланысты мұндай мінез-құлық психологиялық кедергілерге жатады деп санайды. Мұндай кедергілерді жеңу үшін психологиялық қолдау қажет; оған студенттердің психологиялық қорғаныс механизмін түсінуі, кедергілер туындаған кезде себептерді талдау мүмкіндігі, қиындықтарды жеңудің сындарлы стратегияларын жүзеге асыру, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және эмоционалды тұрақтылықты арттыру кіреді. 3-ші үлгерімі төмен студенттер тобында психотизм неғұрлым көп болса, бауырмалдылық деңгейі соғұрлым төмен болады, ал нейротизм неғұрлым аз болса, соғұрлым бауырмалдылық күшейе түседі.

Шет тілін оқу барысында студенттердің өзін-өзі бағалауы, өздеріне деген сенімдері аса маңызды. А. Сейдикенованың пікірінше, шет тілін оқытудағы маңызды критерийлердің бірі – студенттердің мазасыздық деңгейі. Әсіресе онлайн сабақ беру барысында шет тілін оқитын студенттер мазасызданып, «тілдік барьерден» өте алмай қалады екен [15]. Мұндай қиыншылықтарды анықтай білу – олармен күресудегі алғашқы қадамдардың бірі.

Келесі тест – Дембо-Рубинштейн шкаласы. Бұл сауалнама студенттердің өздерін-өздері бағалауларының мынадай параметрлерін зерттеу мақсатында қолданылып отыр: бағалау, өмір табыстылығы, оқу табыстылығы, психологиялық күй мен әл-ауқат, әлеуметтік күй мен мәртебе, жеке тұлғалық дамуға деген мотивация, оқу үдерісіне қанағаттанушылық, оқуға деген ынта.

Кесте 1. Зерттелген үш топтың респонденттеріндегі Дембо-Рубинштейн өзін-өзі бағалау тестіне сәйкес орташа мәндер

	Өмірдегі табыстылық	Оқудағы табыстылық	Психологиялық әл-ауқат	Әлеуметтік әл-ауқат	Меншінаымын Менідеалмын
топ	7,5	8,1	7,15	6,8	2,5
топ	6,8	6,23	6,4	7,6	3,1
топ	5,9	4,6	6,1	5,18	1,24

Зерттеу барысында алынған деректерді сапалы талдау «академиялық үлгерім» параметрі бойынша топтарға бөлінген субъектілердің ішінде орташа

өзін-өзі бағалауы топ көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін студенттердің санаттары бар екенін көрсетті. 1-кестеге сәйкес, қатысушылардың әр тобында мынадай студенттер бар екенін атап өткен жөн: академиялық үлгерім параметріне сүйене отырып, өзін осы топтың орташа деңгейінен жоғары немесе төмен бағалайтындар.

Тәжірибе барысында студенттердің оқу табыстылығының түрлі деңгейлері бойынша анықталған қиындықтарды ескере тұрып, өзін-өзі бағалау деңгейін, сонымен қатар анықталған жеке, эмоционалды және танымдық ерекшеліктерді ескеріп, әр студенттің оқу табыстылығын қалыптастырудың төмендегідей сұлбасын ұсынып отырмыз. Студенттердің білім беру бағдарламаларына сәйкес оқу табыстылығын қалыптастыру жолдары да әртүрлі болмақ; дегенмен, ортақ стратегиялар да баршылық.

Студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың әдістері мен жолдары

Сабақ барысында



Сабақтан тыс

Сабақ барысында студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыруда «Педагог-психологтың қызметіндегі психологиялық қызмет және кеңес беру», сонымен қатар «Шет тілін оқыту әдістемесі» пәндерін негізге алдық.

Мысал ретінде «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс студенттеріне жүргізілген «Кеңес беру процесінің қиындықтары мен қателіктері» тақырыбы бойынша семинар сабақтың үзіндісін келтірейік. Студенттер оқудағы табыстылығы орташа, төмен және жоғары деңгейлері бойынша араласып үш топқа алдын ала бөлініп, «Кеңес беру процесінің қиындықтары», «Кеңес беру процесіндегі қателіктер», «Кеңес беру психологиясының модельдері» тақырыптары бойынша семинар сабақтарын қорғады.

Студенттер өз тапсырмаларын көрнекі құралдар ретінде рәсімдеді:

- презентация;
- баяндама жасау.

Сабақ соңында топтар алдын ала дайындалған жағдаяттарды тандап алып, оларды шешудің жолдарын ұсынды. Топтарға дайындалу үшін 10 минут уақыт берілді.

Топтарға ұсынылған жағдаяттар:

1. Оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтар. «Ұрлық»
2. Тұлғааралық қатынастардың лабиринтінде. «Түсінбеушілік»
3. Барлығы отбасынан басталады. «Балалардың немесе ата-аналардың мәселелері ме?»

Студенттер тандап алған ситуациялық жағдайларды негізге ала отырып топ ішінен өзара рөлдерге бөлініп, шағын көрініс көрсету арқылы шешу жолдарын ұсынды.

Сабақты қорытындылау мақсатында студенттерге семинар сабағы бойынша сұрақтар қойылды:

1. Клиентпен жұмыс жасау барысында кеңесші қандай қиындықтарға тап болады?

2. Кеңес беру процесінде психолог-кеңесші қандай қателіктерге жол бермеу қажет ?

3. Кеңес беру психологиясының модельдерін атаңыз?

Келесі мысал: «Мектеп психологының кеңес беру жұмысы» тақырыбы бойынша дәріс сабақтың үзіндісі.

Дәріс жоспары:

1. Мектеп психологы – кеңесші.

2. Ата-аналар, мұғалімдер, құрбылармен қарым-қатынас барысында берілетін кеңестер.

3. Мектеп ұжымымен, педагогикалық ұжыммен жұмыс жасау мәселелері
Сабақ соңында дәріс бойынша топ студенттеріне сұрақтар қойылды:

1. Мектеп психологы жұмысының кезеңдерін атап өтіңіз?

2. Мектеп психологына консультацияны белсенді бастауға және оны дұрыс бағыттауға көмектесетін қандай әдістерді білесіз?

3. Мектептегі психологиялық кеңес беруге анықтама беріңіз?

4. Ата-аналармен кеңес барысында негізінен қандай мәселелер талқыланады?

5. Педагогикалық ұжыммен жұмыс барысында психолог кеңесші қандай мәселелерге тап болады?

Студенттерге семинар сабағына арнап таратылған тапсырмалар:

1. Басшыларға кеңес беру.

2. Ата-аналар, мұғалімдер, құрбылармен қарым-қатынас барысында берілетін кеңестер.

3. Басқарудағы кеңес берушінің жұмысы

Семинар сабақтарынан тыс қосымша тапсырмалар:

- «Өзін-өзі сипаттау» әдістемесі.

- «Полярлық профильдер» әдістемесі.

Студенттер өз тапсырмаларын келесідей көрнекі құралдар арқылы рәсімдеуі қажет:

- презентация;

- видеоролик;

- постер;

- баяндама жасау.

Келесі мысал – «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының студенттерімен «Шет тілді білім беру әдістемесі» пәні бойынша жүргізілген, оқу табыстылығын нығайтуға бағытталған семинар үзіндісі.

Семинар барысында студенттерге келесі жағдаяттар мен мәселелік сұрақтар ұсынылды:

1. Шет тілін үйрену барысында видео, аудиоматериалдарды қолданудың заманауи негіздері: тек көркем фильм тамашалау арқылы шет тілін үйрену мүмкін бе? Неге / неге жоқ?

2. Қазіргі заманда сөйлеуді дамытуға бағытталған әдістеме кең қолданылуда. Бұл әдістеменің грамматикалық және аудармашылық әдістемелерден артықшылығы неде?

3. Оқушыны халықаралық тілдік емтихандарға дайындау барысында қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

Берілген сұрақтар талқыланғаннан соң, студенттер төрт топқа бөлініп, өз пікірлерін келесі жолдармен рәсімдеп, ұсынды:

- А) қысқаша баяндама.
- Ә) презентация.
- Б) сызба.
- В) кесте.

Семинардың келесі кезеңі – рөлдік ойын негізінде студенттердің оқу табыстылығын нығайту. Бұл кезеңде студенттер бірнеше топқа бөлініп, халықаралық тілдік емтихан тапсырушылар мен емтихан алушыларды сомдады. Рөлдік ойын барысында студенттер өздерін-өздері және бірін-бірі бағалады.

Соңғы мысал – «Шетел филологиясы» бағдарламасы студенттерімен жүргізілген «Шет тілді білім беру әдістемесі» пәні бойынша арнайы дәріс үзіндісі.

Дәріс барысында келесідей сұрақтар талқыланды:

1. Шеттілді білім беру аясында қалыптастырылатын құзыреттіліктер.
2. Шет тілін үйрену мен үйретудің заманауи жолдары.
3. Шет тілін үйренушінің осал тұстарын анықтау және олармен жұмыс жасау жолдары.
4. Филологиялық пәндерді оқыту барысында шет тілін қолдану.

Дәріс сипаты – талқылау, дебат, еркін пікірталас. Дәріс барысында дәріскер студенттердің жеке және топпен жұмыс жасауларына мүмкіндік берді; нәтижесінде студенттер өз ойларын сызба және қысқаша баяндама түрінде жеткізе білді.

Сонымен, әр студенттің аталған ерекшеліктерін ескере отырып, табыстылықты қалыптастырудың бағдарламалары жасалынды. Келесі кестеде толық ақпарат берілген.

Кесте 2. Оқудағы табыстылығы әр түрлі деңгейдегі студенттермен өткізілетін бағдарламалар

Табыстылықтың жоғары деңгейі		
Өзін-өзі бағалау деңгейі		
Орташа	Төмен	Жоғары
«Оқытудың инновациялық формалар» бағдарламасы: «Тайм менеджмент» тренингі. Тренинг «Оқу – бұл өзінді оқыту» Ғылыми-практикалық семинар. Ғылыми зерттеу үйірмесі.	«Өзін-өзі тану арқылы тұлғаны дамыту» бағдарламасы: «Өзін-өзі тану» тренингі. Қабілеттерді анықтауға арналған іскерлік ойын.	«Басқаны өзін сияқты қабылда» бағдарламасы: «Әлеуметтік ортадағы толеранттылық» тренингі. «Мотивация» тренингі. Қабілеттерді анықтауға арналған іскерлік ойын.

Табыстылықтың орташа деңгейі		
Өзін-өзі бағалау деңгейі		
Орташа	Төмен	Жоғары
Абстрактілі ойлау бағдарламасын құру: «Абстрактілі-бейнелі ойлау» интерактивті дәрісі Абстрактілі-бейнелі ойлауды дамыту бойынша ғылыми-практикалық семинар «Топтық жұмыс» тренингі	«Мен Тұлғамын» бағдарламасы: «Өзін-өзі тану» тренингі «Мотивация» тренингі Қабілеттерді анықтауға арналған іскерлік ойын.	"Өзінді тап" бағдарламасы": "Өзін-өзі тану және өзінді тап" тренингі Қабілеттерді анықтауға арналған Іскерлік ойын.
Табыстылықтың төмен деңгейі		
Өзін-өзі бағалау деңгейі		
Орташа	Төмен	Жоғары
Өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру бағдарламасы: Психологиялық жаттығулар мен коррекциялық ойындар. «Менің өзіндік құндылығымның декларациясы»	Психологиялық қолдау мен кеңес берудің жеке бағдарламасы.	Ассоциативті қатынастарды дамыту бағдарламасы: Ассоциативті байланыстар мен есте сақтауды дамыту бойынша практикалық сабақ. Консультация, психологтың жеке қолдауы.

Оқудағы табыстылығы әр түрлі деңгейдегі студенттердің жеке типологиялық сипаттамаларын теориялық және практикалық, сандық және сапалық талдау нәтижелері бойынша әр студенттің жеке білім беру траекторияларын оның сипаттамаларының ерекшеліктерін ескере отырып құру бойынша ұсыныстар жасалды.

Зерттеу жұмысында студенттердің оқудағы табыстылығының педагогикалық-психологиялық бағдарламасы арқылы студенттердің табыстылығын қалыптастырудың жеке білім беру траекторияларын құру мүмкіндігі дәлелденді. Педагогикалық-психологиялық бағдарламалардың мазмұны: «Оқытудың инновациялық формалары», «Өзін-өзі тану арқылы жеке тұлғаны дамыту», «Дерексіз ойлауды дамыту», «Мен – жеке адаммын», «Өзін-өзі іздеу», «Ассоциативті байланыстарды дамыту». Сонымен қатар психологиялық қолдау мен кеңес берудің жеке бағдарламалары да ескерілді.

Студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыруға әсер ететін педагогикалық-психологиялық бағдарламалар мен ұсыныстардың эмпирикалық сенімді кешенін енгізу білім беру ортасындағы өзгерістерге ықпал етті. Студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық бағдарламаларын жүргізу бойынша қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерінде субъектілердің эксперименттік тобында визуалды есте сақтау қабілетінің едәуір жақсарғаны, өзін-өзі бағалау мен эмоционалды тұрақтылықтың орташа мәні жоғарылағаны, субъектілердің мазасыздығының төмендегені және оқшаулануға қатысты бауырмалдылық көрсеткіші және экспрессивтілікке қатысты практикалық көрсеткіші артты.

Материалды теориялық және практикалық зерттеу нәтижелері бойынша студенттердің оқудағы табыстылығына әсер ететін ішкі педагогикалық-психологиялық жағдайларынан бөлек сыртқы жағдайлары да анықталды. Сыртқы жағдайларға, ең алдымен, студенттердің жеке білім беру жетістіктері, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі, оқу процесінің сапасы, оқытудың жайлылығы, білім алушы студенттердің білім беру процесіне бейімделуі, білімнің қолжетімділігі, білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық жағдайы, тәрбие жұмысының сапасы жатады. Сол себепті студенттердің жеке білім беру траекторияларын құру кезінде студенттің сыртқы өмір жағдайларын да ескеру керектігін атап өткеніміз жөн.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыруға ықпал ететін университеттерде педагогикалық-психологиялық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, бұл мемлекеттің инновациялық ойлау қабілеті, қалыптасқан құзыреттілігі және өзін-өзі оқыту қабілеті бар жоғары білікті кадрларға деген қажеттілігін қанағаттандыруға жол ашады. Сондай-ақ, зерттеудің теориялық әзірлемелері университет студенттерінің оқудағы табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық бағдарламаларын құруға негіз болып табылады.

Студенттердің оқудағы табыстылығын қалыптастыруға байланысты мынадай ұсыныстар әзірленді:

- білім алушылардың оқу табыстылығына әсер ете алатын білім беру ортасының сыртқы жағдайларына ерекше назар аудару:
- оқу топтарына бейімделу мақсатында студенттерге жеке көзқарас;
- білім беру ортасының моральдық-психологиялық климатын қолдау бойынша іс-шаралар;
- ұжымды біріктіруге арналған тренингтерді қамтитын іс-шаралар;
- студенттердің білім беру үдерісін жобалауға қатысуы;
- оқытушылардың инновациялық жұмысқа қатынасын талдау.

Жүргізілген зерттеу мәселенің барлық аспектілерін толық қамтымайды, бірақ жоғары оқу орын студенттерінің оқудағы табыстылығы мәселесін зерттеу бөлімдерін едәуір толықтырады және оны педагогика мен психологияда одан әрі зерттеу үшін перспективалар ашады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.

[2] Рысбаев Е.Ж. Қазіргі ауыл мектептерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру: педагогика ғыл.канд. ғыл.дәр.алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Қазақстан Республикасы, Түркістан, 2008. – 25 б.

[3] Усенова А.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту: философия докторы (PhD) дәр.алу үшін дай.дисс. – Алматы, 2016. – 197 б.

[4] Таубаева Ш.Т. Научно-педагогическое исследование: методология и методика. Учебное пособие. – Алматы, 2010. – 238 с.

- [5] Рысбаева А.К. Методология развития успешности деятельности как категории педагогики: автореф. ... д.п.н.: 13.00.01 – Алматы: Каз.Гос.ЖенПИ, 2004. - 53 с.
- [6] Кулмышева Н.А. Жоғары оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары // педагогика ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дай.дисс.авторефераты. – Алматы, 2010. – 31б.
- [7] Жансерикова Д.А. Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсер етуін зерттеу: психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. – Алматы, 2010. – 25 б.
- [8] Гальтон Ф. Наследственность таланта: законы и последствия / Ф. Гальтон. – М. : Мысль, 2002 – 269 с.
- [9] Джеймс У. Психология / У. Джеймс. – М. : Дайджест, 2017. – 305 с.
- [10] Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность : Т.1 / Х. Хекхаузен. – М. : Педагогика, 2003. – 340 с.
- [11] Адлер, А. Практика и теория индивидуальной психологии /А. Адлер. – М. : Дайджест, 2015. – 247 с.
- [12] Маслоу А. Мотивация и личность / А. Маслоу. – СПб. : Питер, 2006. –352 с.
- [13] Налчаджян А. А. Атрибуция, диссонанс и социальное познание / А. А. Налчаджян. – М. : Когито-Центр, 2006. – 415 с.
- [14] Ледовская Т.В. Индивидуально-типологические особенности студентов вуз с разными показателями успешности учебной деятельности: дисс. ...канд.псих. наук / Т.В.Ледовская. – 2010г. – 256с.
- [15] Seydikenova A.S., Malshy M.M. Causes of foreign language anxiety in online education // Bulletin of Ablai khan KazUIRWL, Philology series. – 2022. – № 3 (66). – P. 329-337.

REFERENCES

- [1] Қазақстан Республикасында bilim berudi zhәне ғылымды damytudың 2020 – 2025 zhyldarға арналған мемлекеттік бағдарламасы (State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025). – Astana, 2019. [in Kaz.]
- [2] Rysbaev E.ZH. Қазіргі ауыл мектептерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру (Activation of educational and cognitive activities of students in modern rural schools): pedagogika ғыл.канд. ғыл.дәр. ... diss. avtoreferaty. – Қазақстан Республикасы, Түркістан, 2008. – 25 б. [in Kaz.]
- [3] Usenova A.M. Bolashaq bastauysh synyp mұғалimderiniң әleumettik tabystylyғyn damytu (Development of social success of future primary school teachers): filosofiya doktory (PhD) dәр.alu yshin daj. ... diss. – Almaty, 2016. – 197 б. [in Kaz.]
- [4] Taubaeva SH.T. Nauchno-pedagogicheskoe issledovanie: metodologiya i metodika (Scientific and pedagogical research: methodology and methodology). Uchebnoe posobie. – Almaty, 2010. – 238 s. [in Rus.]
- [5] Rysbaeva A.K. Metodologiya razvitiya uspeshnosti deyatel'nosti kak kategorii pedagogiki (Methodology of development of successful activity as a category of pedagogy): avtoref. ... d.p.n.: 13.00.01 – Almaty: Kaz.Gos.ZHenPI, 2004. – 53 s. [in Rus.]
- [6] Kulmysheva N.A. ZHоғары оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Pedagogical conditions for the formation of the success of educational and cognitive activities of students of higher educational institution): pedagogika ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дай.дисс.авторефераты. – Алматы, 2010. – 31 б. [in Kaz.]
- [7] ZHanserikova D.A. Studentterdiң tanymdyқ is-әreketi motivaciyasyna zhalpy maғynalyқ қор құру мен zhaңсақ nanymdardың әсер etuin zertteu (Study of the impact of creating a general meaning base and false beliefs on the motivation of students' cognitive activities):

psihologiya ғылым. kand. ғылыми дәр. алу ышин дај. Ddss. avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 25 b. [in Kaz.]

[8] Gal'ton F. Nasledstvennost' talanta: zakony i posledstviya (Heredity of talent: laws and consequences) / F. Gal'ton. – M.: Mysl', 2002 – 269 s. [in Rus.]

[9] Dzhejms U. Psihologiya (Psychology) / U. Dzhejms. – M.: Dajdzhest, 2017. – 305 s. [in Rus.]

[10] Hekkhauzen H. Motivaciya i deyatel'nost' (Motivation and activity): T.1 / H. Hekkhauzen. – M.: Pedagogika, 2003. – 340 s. [in Rus.]

[11] Adler, A. Praktika i teoriya individual'noj psihologii (Practice and theory of individual psychology) / A. Adler. – M.: Dajdzhest, 2015. – 247 s. [in Rus.]

[12] Maslou A. Motivaciya i lichnost' (Motivation and personality) / A. Maslou. – SPb.: Piter, 2006. – 352 s. [in Rus.]

[13] Nalchadzhyan A. A. Atribuciya, dissonans i social'noe poznanie (Attribution, dissonance and social cognition) / A. A. Nalchadzhyan. – M. : Kogito-Centr, 2006. – 415 s. [in Rus.]

[14] Ledovskaya T.V. Individual'no-tipologicheskie osobennosti studentov vuz s raznymi pokazatelyami uspešnosti uchebnoj deyatel'nosti (Individual-typological features of university students with different indicators of academic performance): diss. ... kand.psih. nauk / T.V.Ledovskaya. – 2010. – 256 s. [in Rus.]

[15] Seydikenova A.S., Malshy M.M. Causes of foreign language anxiety in online education // Bulletin of Ablai khan KazUIRWL, Philology series. – 2022. – № 3 (66). – P. 329-337.

ФОРМИРОВАНИЕ УСПЕШНОСТИ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ВУЗОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

*Джонисова Г.К.¹, Ермакова А.Д.²

*¹кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор ЗКИТУ

Уральск, Казахстан, e-mail: dzhonisova@mail.ru

²магистр педагогических наук, Уральск, Казахстан

e-mail: ermekova.aktoty07@mail.ru

Аннотация. Одной из ориентиров деятельности в сфере образования является парадигма «образование для успеха», способная вывести государство из трансформационного кризиса. Следовательно, особая актуальность парадигмы "образование для успеха" имеет приоритет в контексте подготовки филологических и педагогических кадров, поскольку закономерно, что не успешная личность не может воспитывать успешную личность. В статье проведена работа по решению одной из важнейших проблем в области образования-повышению качества выпускников вузов, включающего высокий уровень компетентности, соответствие их научной компетентности требованиям общества, готовность к самообразованию. Все это во многом зависит от успешного обучения будущих специалистов. Решение данной проблемы с использованием научных основ формирования успешности обучения студентов организация успешной деятельности студентов с учетом индивидуальных типологических особенностей студентов различного уровня предусматривает учет внутренних условий и обеспечение координации и методической поддержки психологической службы университета с целью создания и диагностики условий для успешного обучения студентов. Проведен анализ понятия успешности обучения, предложены методы определения успешности обучения студентов и пути его формирования. Особое внимание было уделено вопросу формирования академической успешности студентов, обучающихся по программам иноязычного образования, в том числе по программам «Иностранный язык: два иностранных языка» и

«Иностранная филология». Полученные в ходе исследования результаты позволяют организовать деятельность, способствующую формированию успешности обучения студентов, что позволяет в дальнейшем реализовывать потребности государства в высококвалифицированных кадрах, обладающих инновационным мышлением, сформированными компетенциями и способностью к самообучению. Также является основой для создания программ формирования успешности обучения студентов вузов. Программа, представленная в статье, решает важнейшую задачу практической значимости успешности в вузе и методическое обеспечение работ и предложений по ее реализации.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, студенты, успешность, успешность в обучении, память, агрессия, тревожность, интроверт, экстраверт, самооценка, обучение иностранному языку

FORMATION OF THE STUDY SUCCESS OF UNIVERSITY STUDENTS IN THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

*Jonisova G.K.¹, Ermekova A.D.²

*¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of ZKITU

Uralsk, Kazakhstan, e-mail: dzhonisova@mail.ru

²Master of Pedagogical Sciences, Uralsk, Kazakhstan

e-mail: ermekova.aktoty07@mail.ru

Abstract. One of the guidelines for activities in the field of education is the “education for success” paradigm, which can lead the state out of the transformation crisis. Consequently, the special relevance of the “education for success” paradigm has priority in the context of training philological and pedagogical personnel, since it is natural that an unsuccessful person cannot educate a successful person. The article carried out work to solve one of the most important problems in the field of education - enhancing the quality of university graduates, which also involves a higher level of competence, compliance of their scientific competence with the requirements of society, and readiness for self-education. All this largely depends on the successful training of future specialists. The solution to this problem using the scientific foundations for the formation of successful student learning; organizing the successful activities of students, taking into account the individual typological characteristics of students at various levels, involves taking into account internal conditions and providing coordination and methodological support of the university’s psychological service in order to create and diagnose conditions for successful student learning. The concept of learning success is analyzed, methods for determining the success of student learning and ways of its formation are proposed. Particular attention was paid to the issue of developing the academic success of students studying in foreign language education programs, including the “Foreign Language: Two Foreign Languages” and “Foreign Philology” programs. The results obtained during the study make it possible to organize activities that contribute to the formation of student learning success, which makes it possible to further realize the state’s needs for highly qualified personnel with innovative thinking, developed competencies and the ability to self-learn. It is also the basis for creating programs for developing educational success among university students. The program presented in the article solves the most important problem of the practical significance of success at a university and the methodological support of work and proposals for its implementation.

Keywords: higher education institution, students, success, success in learning, memory, aggression, anxiety, introvert, extrovert, self-esteem, foreign language teaching

Статья поступила 14.12.2023